

Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1142. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Мұнай қалдықтарын, амбарлық және өндөлмеген мұнайды, оның ішінде аз өнімді және шалғай құбырлардан шығатын мұнайды жинауға дайындау мен өндеуге арналған шағын зауыттарды әзірлеу және өндірістік игеру" жөніндегі Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштерін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштеріне сәйкес оның кең ауқымды нұсқасын бекітсін, бағдарламаның ғылымды қаржыландыруға мемлекеттік бюджетте көзделген қаржы есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылды 26 мамырдағы N 434 Р930434_ қаулысымен бекітілген Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның тізбесі мына мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын: "8. Мұнай қалдықтарын, амбарлық және өндөлмеген мұнайды, оның ішінде аз өнімді және шалғай құбырлардан шығатын мұнайды жинау, дайындау мен өндеуге арналған шағын зауыттарды әзірлеу мен өндірістік игеру. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі